



# TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

// I ҚАЗАН 2020 ЖЫЛ

▶ АГРОӨНЕРКӘСІП

## АСТЫҚ САПАСЫ ДИҚАНДАРДЫ ҚУАНТТЫ



Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров Үкімет отырысында егін жинау науқаны аяқталуға жақын екенін және биыл оның қарқыны өткен жылға қарағанда жоғары екенін мәлімдеді. Бұл туралы ведомствоның Баспасөз қызметі хабарлайды.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Министрдің айтуынша, республика бойынша барлығы 14,8 млн гектардан астам дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар немесе жалпы егін алқабының 93,4%-ы жиналды, ал өткен жылы осындай уақытта 10,3 млн гектар немесе алқаптың 67,6%-ы жиналған болатын.

Өткен аптаның басында министрлік сайты гектарына 12,3 центнерден өнім алынып, 18,2 млн тонна астық бастырылды (2019 жылы 11,4 млн тонна) деп жазған болатын. «Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар өндірісінің болжамы өлемді елінің ішкі қажеттіліктерін толықтай қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өткім келеді», — дейді С.Омаров.

Сонымен қатар, отырыс барысында егіннің сандық және сапалық сақталуын қамтамасыз ету жағдайы қозғалды. Республикада астық сақтаудың жалпы сыйымдылығы 28,8 млн тонна құрайды, оның 12,1 млн тоннасы — астық қабылдау кәсіпорындарында, 16,7 млн тоннасы — ауыл шаруашылығы өндірушілерінде. «Жаңа егіннен лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына барлығы 3,0 млн тонна астық түсті, бұл былтырғы



жылғы осындай мерзімде астық қабылдау кәсіпорындарына сақтауға келіп түскен астық көлемінен 2,1 есе көп. Аталған деректер егін жинау науқаны қарқынын өткен жылмен салыстырғанда жоғары екендігін тағы бір рет растайды», — деп мәлімдеді АШМ басшысы.

Сапархан Омаров биыл астықтың сапасы жоғары көрсеткіш көрсеткенін тілге тиек етті. Мәселен, лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына тапсырылған жалпы бидай көлемінің 83,8 пайызы 1-3-сыныптарға жатқызылған. «Егістік алқаптарынан сапалы өнімнің алынуы мемлекеттің өсімдік шаруашылығына қолдау көрсету жөніндегі мақсатты саясатының арқасында мүмкін болды. Ағымдағы жылы тұқым шар-

уашылығын субсидиялау көлемі 49%-ға ұлғайды (9,4 млрд теңгеден 14 млрд теңгеге дейін). Тынайтықшы сатып алуы субсидиялау көлемі 38%-ға (19,0 млрд теңгеден 26,1 млрд теңгеге дейін), бұл тынайтықшы енгізу көлемін ғылым қажеттіліктің 20%-ына дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді», — деп атап өтті С.Омаров.

Жаңа маусымда қазақстандық бидай мен ұнның негізгі экспорты дәстүрлі түрде Орта Азия елдері мен Ауғанстан нарығына жолданатын болады. Астық сапасының жоғары болуынан Қытайға бидай жөнелтілімі артуы мүмкін.

Елімізде ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өтініштері бойынша Азық-түлік келісімшарт корпорациясы бойынша ауыл шаруашылығы

өнімдерін форвардтық сатып алуға республикалық бюджеттен 24,5 млрд теңге бөлінген. Бүгінде 516 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға келісімшарт жасалыпты. «Нарықтағы қалыптасқан жағдайды ескере отырып, «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» АҚ бидайды сатып алу бағаларын сапасына қарай 83-87 мың теңге дәлелінде, 4-сыныпты бидайға — 78 мың теңге, 2-сыныпты арпаға — 50 мың теңге деңгейінде белгіледі ұсынады. Ал, форвардтық мәмілелер бойынша күнбағыс пен қарақұмықтың сатып алу бағалары осы дақылдарды жинау аяқталған кезде, кейінірек белгіленетін болады», — делі Ауыл шаруашылығы министрі.

> [3]

▶ ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЈАЛАР	Risers	Last	%Δ1D	%Δ1M
GB_KZMS	2 900,00	2 900,00	+1,04	-7,35
KZTO	801,02	801,02	+0,00	-0,86
KASE Индексі	2 424,50	2 424,50	-0,02	-2,43

АҚША НАРЫҒЫ

Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
MM Index	10,01	-0,16	+1,51
TONIA	9,51	-0,41	+0,98
SWAP-1D (USD)	9,50	-0,97	+2,06
TWINA	9,29	+0,47	+0,28
SWAP-2D (USD)	10,00	0	+1,41
KazPrime-3M (KZT)	10,50	0	0

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЈАЛАР

Deals	Yield	DTM
FFINb3	0,00	-
KAFib10	11,89	-
BRKze10	8,95	-
KFUSb3	11,14	-
MFOkb1	19,00	-
BRKzb19	11,20	-

МЕМЛЕКЕТТІК БАФАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
MUM180_0001	10,00	-
MUM132_0006	10,00	-
MUM120_0016	10,00	-
MUM180_0014	10,00	-
MUM108_0013	10,00	-
NTK028_2671	8,82	-

▶ ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер	KASE	FTSE 100	CAC 40	S&P 500	Dow Jones	Nikkei 225	DAX	SSE Comp
	2 425,07	5897,50	4832,07	3335,47	27452,66	23539,10	12825,82	3224,36
	-0,18%	-0,51%	-0,23%	-0,48%	-0,48%	0,12%	-0,35%	0,21%

Тауарлар	Мұнай	Алтын	Платина	Палладий	Никель	Алюминий	Күміс
	41,03	1 883,95	880,00	2 275,00	14 460,00	1 772,00	23,84
	-3,30%	1,05%	2,09%	0,80%	0,98%	1,49%	4,13%

Валюта нарықтары	USDKZT	EURKZT	USDRUB	USDJAN	USDJAN	EURUSD	GBPUSD
	429,51	502,14	78,8316	28,3150	2,6243	1,1723	1,2816
	0,27%	0,55%	-0,31%	-0,02%	-0,04%	-0,16%	-0,37%

▶ 4 ҚАЗАН – ҰСТАЗДАР КҮНІ

## Мұғалім мәртебесі биіктей береді



Жыл сайын қазан айының бірінші жексенбісінде білім беру қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесі – Мұғалімдер күнін атап өтеді. 55 жылдан бері ұстаз ұлағатын дәріптеп келе жатқан осы атаулы күн биыл 4 қазанға сәйкес келеді.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Баршаның жүрегіне бала күнінен ыстық қазан айының басындағы айшықты мерекелімізде сонау 1965 жылдан бері сақталып келеді және заңдық тұрғыда бекітілген. Әдеттегі дәстүр

бойынша мереке қарсаңында мектептерде өзін-өзі басқару күндері өткізіледі. Аялын-ала дайындалып, мұғалімдерден қажетті кеңестер мен нұсқаулар алған жоғары сынып оқушылары төменгі сыныптарда сабақ жүргізеді. Концерттер ұйымдастырылып, оқушылар ұстаздары алдында өнер көрсетеді, астра гүлін тарту етіп, балауса тілектерін жеткізеді, мектеп бабырағы мерекелік газеттер мен кәсіби дерістер. Педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін марапаттар мен сертификаттардың табысталуы да осы ерекше күнге орайластырылады.

> [3]

▶ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ



## Конвейерінен бетон өнімдерін «балапандаған» зауыт

Ақ Жайық өңіріндегі жол құрылысы, абаданатын жұмыстары барысында негізінен отандық, әсіресе, жергілікті құрылыс материалдары қолданылады. Төрт жыл бұрын Оралдағы Жетісу өндірістік аумағында жандан салынып, іске қосылған «Hess-Oralsk» ЖШС зауытының өнімдері де қолға жарар тұр.

ГҮЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

Ұсақ бетондық бұйымдар шығаратын зауыт қобасы Индустрияландыру картасы аясында жанданған-ды. «Hess-Oralsk» ЖШС-ның директоры Сержан Биғановтың айтуынша, зауыттағы барлық жоғары технологиялы құрал-жабдық құрылыс индустриясы саласына қажетті жабдық шығарудан әлемдік үздіктерінің қатарынан табылатын немістің «Hess-GROUP» компаниясынан, өндірісінің өзінен тікелей сатып алынып орнатылған.

> [5]





## БИЗНЕС &amp; ЖАҢАЛЫҚ

## АПАТ ТЫНЫСЫ

## Өңірлік даму



## Елбасы медициналық кәсіпорында болды

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Шымкентке барды. Елбасы медициналық құрал-жабдықтар, медициналық жинақтар мен көліктер шығаратын кәсіпорында болды.

2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Казмед-прибор» ЖШС 15 мыңнан астам медициналық құрал-жабдық, 120 мыңнан астам медициналық жиһаз бен 742 желдету жерімен қамтамасыз етілген кәсіпорын 2005 жылы құрылған.

Шымкент қаласының әкімі М.Әйтемов Елбасына жеке инвестордың қаражатына салынатын 1000 орындық көпсалалы университеттік аурухана құрылысы туралы апарат берді. Жана медициналық мекемеде ана мен бала орталығы, хирургиялық, терапевтік орталықтар, сонымен қатар бір ауысымда 700 адамға қызмет көрсететін клиникалық-диагностикалық орталық жұмыс істейтін болады деп жоспарланды отыр.

Сондай-ақ «Самұрық-

Казына» АҚ басқарма төрағасы А.Есімов пандемия кезінде ұлттық әл-ауқат қоры тарапынан денсаулық сақтау жүйесі мен отандық өндірушілерді қолдау үшін қабылданған шаралар туралы айтты. Елорда мен Алматыда медициналық орталықтар салу жөніндегі тапсырмалар орындалу барысы баяндалды. 3000 дана көлемінде «Авира-вир» дәрісін сақтау алу және коронавируска қарсы вакцина жеткізу бойынша жасалған келісім туралы мәлімет берілді.

## Автоөнеркәсіп

## Іргелі үш жоба бастау алды

Костанай қаласында Премьер-министр Асқар Мамин мен Татарстан Президенті Рустам Минниханов келіссөз жүргізіп, Қазақстанда 261 млрд теңге инвестицияға үш бірлескен автомобиль жасау жобасын іске асыруды бастаған барды.

Бұлар – Костанай Индустриялық аймағында «КА-МАЗ» шойын құймасын және жүк техникасының белдігіне арналған құрамдас бөлшектер өндіру зауыттарын салу, сондай-ақ Қарағанды облысының Саран қаласында автомобиль шиналары өндірісін ашу.

Бірлескен кәсіпорындардың жобалық құжаттылығы жылына 40 мың құйылған компонентті – шилдир блоктары, шилдир блоктарының бастиктері және жүк автомобильдеріне арналған белдік қартерінін тұтас құйылған аркалықтарының және жүк автомобильдерінің жетекші белдігінің бас берілістерінің 86 мың ре-



дукторын құрайды. Инвестицияның жалпы көлемі – 150,7 млрд теңге. Шектес салаларды ескере отырып, шамамен 1 200 жана жұмыс орны құрылады. Өнімді жергілікті деңгейі 60-70%-ке жетеді. Зауыттарды салуды 2023 жылы аяқтау көзделген. Жобаларды іске асыру Қазақстанды ТМД нарығындағы жүк техникасын ірі өндіруші жеткізушілердің жаһандық технологиялық тізбегіне қосады.

Саран қаласында іске асыру жөнінде инвестициялық меморандум қасалған зауыттың өндірістік қуаттылығы жеңіл техникаға арналған 3 млн шина мен коммерциялық техника және автобустарға арналған 500 мың шинаны құрайды. Мұнда 1 мыңнан астам жана жұмыс орны құрылады. Инвестицияның жалпы көлемі шамамен 111 млрд теңгені құрайды. Жобаны 2022 жылы іске асыру жоспарланған.

## Еріктілер жылы

## Волонтерлер саны артып келеді



Ақтөбеді волонтерлер саны артууда. Жыл басында құрамында мыңға жуық еріктісі бар 35 топ қызмет етсе, қазіргі таңда 2 мыңнан астам мүшесі бар 90 волонтерлік топ бар.

Облыс бойынша Волонтерлер базасы жасақталып жатыр. Онда 2 мыңға жуық волонтер тіркелген. Оның 62%-

і – әйелдер болса, 38%-і – ер азаматтар. Биыл «Біргеміз» тұжырымдамасы негізінде «Білім», «Сабақтастық», «Саулық», «Таза Қазақстан», «Асыл Мұра», «Камқор», «Үміт» сынды жеті бағытта жалпы ұлттық жобалар жүзеге асырылуда. Осыған орай облыс әкімдігі жоғарыда аталған «Біргеміз» тұжырымдамасы негізінде өңірде волонтер-

лық қозғалысты дамыту, жастар арасында кең насихаттау мақсатындағы іс-шаралар мен жобаларды пысықтап, 43 тармақтан тұратын өңірлік жұмыс жоспары құрылды. «Жоспар аясында жеті бағыт бойынша 200-ге жуық шара ұйымдастырылса, бұл жоспардан бөлек, төтенше жағдай режимі кезінде облыстық еріктілер штабы құрылып, құрамына 300-ден астам волонтер жұмылдырылды», – дейді облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Сәбит Мұқан.

Биыл індет өршіген кезде #Бізбіргеміз акциясы аясында 374 шара ұйымдастырылған. Оның ішінде 4356 отбасы азық-түлікпен қамтамасыз етіліп, 20 мыңнан астам адамға медициналық беттерде таратылды. Сонымен бірге үйде ем қабылдайтын ардагерлерге жергілікті емханалардан дәрі-дәрмек жеткізілді.

## ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Министрлер кабинетінің кезекті отырысында елдегі эпидемиологиялық жағдай, жылыту маусымына әзірлік, Интернетке кеңжолықты қолжетімділікті қамтамасыз ету сынды өзекті мәселелер қаралды. Премьер-министр Асқар Мамин жауапты органдарға олардың орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

## БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдай және коронавирустың инфекциясының таралуына жол бермеу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы денсаулық сақтау министрі А.Пой, «СК-Фармация» басқарма төрағасы Е. Ескальев, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б.Атамқұлов, ішкі істер министрі Е.Тұрғымбаев, Премьер-министрдің орынбасары Р.Сқяяр баяндалды.

Үкімет басшысы еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал тұрақты екенін айтты. Жан-жақты жүргізілетін шаралардың нәтижесінде инфекцияның репродуктивтілік көрсеткіші – 0,93. Дегенмен, әлемдегі жеке бірқатар шекаралас елдердегі індет жағдайының тұрақсыздығын ескеріп, санитарлық талаптарды сақтау шараларын күшейту қажет. Премьер-министр мүдделі мемлекеттік органдар мен өңірлердің әкімдіктеріне іс-шаралардың 100% дайындығын қамтамасыз етуді, Денсаулық сақтау министрлігіне алдағы 15 қазанға дейін қажетті техниканы, жабдықтар мен қорғаныш құралдарын сатып алып, өңірлерге жеткізуді тапсырды. Ішкі істер және денсаулық сақтау министрліктері әкімдіктермен бірлесіп, санитарлық талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі мониторингтік топтардың жұмысын күшейтуі, санитарлық режимді бұзушылықтарға жол бермеуі қажеттігіне назар аударылды. Қазақстан аумағына шетелден келетін адамдарға бақылау санитарлық-карантиндік бақылауды күшейту шаралары Ведомстволық комиссияның отырысында қаралды.

«Денсаулық сақтау министрлігі «СК-Фармация» және әкімдіктермен бірлесіп, медициналық ұйымдар мен дәріханаларда дәрі-дәрмектердің болуын қамтамасыз етсін. Өңірлерде дәрілік препараттардың бағасына бақылау жүргізу қажет», – деді А.Мамин.

Бұдан соң селекторлық отырыста өңірлердің алдағы күзгі-қысқы кезеге дайындығы талқыланды. Жылыту маусымына дайындық бойынша атқарылып жатқан жұмыс туралы энергетика министрі Н.Ноғаяев, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б.Атамқұлов, білім және ғылым министрі А.Аймағамбетов, денсаулық сақтау министрі А.Пой, Премьер-министрдің орынбасары

Р.Сқяяр, сондай-ақ бірқатар әкімдер баяндалды.

Өңірлер 10662 автономды қазандық немесе 98,6%, 46561 тұрғын үй (97%) дайындаған. 5 024 км жылу желісі (99,1%), 14 089 км сумен жабдықтау желілері (99,1%) жөнделді. Жылыту маусымына 11 158 (99,6%) білім беру нысаны және 5 963 (99,2%)

ты интернетпен қамтамасыз ету мәселесі бойынша атқарылып жатқан жұмыстар барысын цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Б.Мусин, бірқатар операторлар басшылары айтты берді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес

## Күн тәртібінде көлемді істер түр



денсаулық сақтау нысаны дайындалды. Көмір компаниялары 69 мың тонна көмір өндіріп. Коммуналдық қызметтер үшін тұтынушылардың берешегі 17 млрд теңгені құрайды. Ең жоғары дебиторлық берешек Алматы қаласында – 4,5 млрд теңге, Нұр-Сұлтан қаласында – 1,95 млрд теңге, Жетісу облысында – 2,5 млрд теңге және Маңғыстау облысында – 1,4 млрд теңге сақталуда.

Үкімет басшысы әкімдерге белгіленген мерзімде барлық жоспарланған жөндеу жұмыстарын және қажетті көлемде ұмыс жеткізуді аяқтауды, сондай-ақ энергия өндіретін және жеткізетін ұйымдармен бірлесіп, жылыту маусымын жүргізуге дайындық паспорттарын тез арада алуды қамтамасыз етуді міндеттеді. Өңірлер әкімдеріне екі апта мерзімде белгіленген тәртіппен көмір дайындау және сату пункттері инфрақұрылымның қазіргі жағдайын, жеткізу кестесін, бағалардың негізділігі мен сатылатын көмірдің сапасын тексеруді, сондай-ақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне КТЖ-мен бірлесіп, көмір жеткізу үшін вагондардың жеткілікті болуын қамтамасыз етуді тапсырды. Энергетика, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктеріне өңірлер әкімдіктерінің барлық объектілерді жылыту маусымына дайындау жұмыстарын аяқтауын бақылауға алып, мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету тапсырылды.

Жиында тұрғындарды кен жолақ-

елімізде ауылдық елді мекендерде талшықты-оптикалық байланыс желілерін салу және интернетке мобильді қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жобалар іске асырылуда. Қазіргі кезде интернетке кеңжолықты қолжетімділігінен 6 459 ауылдық елді мекеннің 4 751-і қамтамасыз етіліп (ауыл халқының 97,8%-і). Осы жылдың қорытындысы бойынша 5,2 мыңнан аса ауыл – еліміздегі ауыл халқының 99%-і үшін кен жолақты интернет қолжетімді болады.

Үкімет басшысы әкімдіктерге КЖК жобалары бойынша жабдықтар орнату үшін ұчаскелер бөлу рәсімдерін жедел жүргізуді, цифрлық даму министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, халық саны 250 адамнан аз ауылдарды сапалы интернетпен қамтамасыз ету үшін жоспар-кестесін әзірлеуді тапсырды. Мектеп оқушылары мен студенттері қазақстан оқытуға байланысты өте өзекті болып отырған интернет сапасын елеулі арттырудың маңыздылығы аталды. Ол үшін техника сатып алуында, байланыс және интернет қызметтерінің сапасын бақылауға арналған барлық ресурстар бар. «Әрбір тұрғын үй мен ұйымда орналасқан жеріне қарамастан, сапалы интернет пен байланыс болуы керек. Сондықтан нақты талаптарды белгілеп, тиісті жабдықты орнату мәселелерін пысықтау қажет. Цифрлық даму министрлігі индустрия министрлігімен бірлесіп, аталған мәселелерді шешуі керек», – деді А.Мамин.

## ТУҒАН ЖЕР



## ШАЛҚАР КӨЛІ

Шалқар көлі – Батыс Қазақстандағы тарихи тереңде жатқан, 3000 өзен-көлдің бірегейі. Бұл көлдің толаңындары тез көтеріледі, жесісіз күндері де көлдің арғы беті жай көзбен көрінбейді. Су құрамы тұз қышқылы, магний және өмірге қажетті басқа да минералды элементтерге бай. Бұл мекеннен қаз, үйрек, аққұтан, тағы басқа құстардың түрлерін көздеріңізге болады. Судың беті шағалаға толы. Жергілікті тұрғындар Шалқарды «Кіші теңіз» деп те атайды.

# БИЗНЕС&ҚОҒАМ

## АГРОӨНЕРКӘСІП

# Астық сапасы диқандарды қуантты

> [11]

БИДАЙ ҚАЙДА  
ЭКСПОРТТАЛМАҚ?

Қазіргі күні еліміздегі егістік алқабының 93,4 пайызы жиналып, қамбаға 18 миллион тоннадан астам астық қабылданып, бастырылған.

Ауыл шаруашылығы министрі үкімет отырысында биыл егін жинау науқанының қарқыны өткен жылға қарағанда жоғары екенін және гектарына орташа есеппен 12,3 центнерден өнім жиналғанын мәлімдеді. Министрдің айтуынша, астық қабылдау кәсіпорындарына барлығы 3,0 млн тонна астық түсті, бұл былтырғы жылғы осындай мерзімде астық қабылдау кәсіпорындарына сақтауға келіп түскен астық көлемінен 2,1 есе көп екен.

Сонымен қатар Ауыл шаруашылығы министрінің басшысы отандық бидай мен ұн кай елдерге экспортталатынын да атап көрсетті. «Жаңа маусымда қазақстандық бидай мен ұнның негізгі жеткізгіштері дәстүрлі түрде Орта Азия елдері мен Ауғанстан нарығына жолауынатын болады», — деп С.Омаров.

САТЫЛЫМ БАҒАСЫ  
БЕЛГІШЕНІП, АЙМАҚТАР  
ОРАҚ НАУҚАНЫН АЯҚТАҒАН

Қазіргі күні еліміздегі астық алаңының 93,4 пайызы жиналып,



қамбаға 18 миллион тоннадан астам астық бастырылғанын жоғары атап өткен едік. Үкімет отырысында салалық министрлік басшысы биыл егін жинау науқанының қарқыны өткен жылға қарағанда жоғары екенін және астық шығымдылығы гектарына орташа есеппен 12,3 центнерден айналып да мәлімдеген болатын.

Енді еліміздің астықты аймақтарының бірі — Қостанай облысындағы егін орағы науқанының қорытындыларына тоқталып өтсек.

Атап айтқанда, биыл Мәңдіқара ауданында 235,3 мың гектар алқапқа дөңді және дөңді-бұршақты дақылдар себілген. «Ауа райы қолайлы болып, егін ерте жетілді», — дейді диқанлар. Толысып піскен егінді күзгі жауын-шашынға қалдырмай, әрбір ашық күнді тиімді пайдаланып, дер уақытында жинап алу мақсатында астық жинау науқанына 580 комбайн мен 277 кокосе жинайтын орақ жұмылдырылды. Диқан қауымының жұмыла кіріскен қажырлы еңбегінің

нәтижесінде 225,9 мың гектар алқаптағы егін алқабы орылып, жошпарлы жеке 96,3%-ға орындалған. Бидайдан орташа шығымдылығы гектарына 12 центнерден айналды. Мұның есесіне, 75,1 мың га алқапқа себілген майлы дақылдардың 17,7 мың гектарына, яғни 23,6 пайызы ғана орылыпты.

Мәңдіқара ауданына қарасты Долбушка ауылындағы «Егін» ЖШС директоры Марат Молдашевтің айтуынша, жұмыс жошпарға сай жүргізілуде екен. «Ауыл шаруашылығының көлесіне бас-аяғы 3951,4 га жер жаратылып жатса, оның 3108 га алқабына дөң себілді. Атап айтқанда, 2692 га егістік алқабының 2307 гектарына дөңді және 385 га алқапқа майлы дақылдар салынды. Бүгінде 1570 га алқаптағы дөң жиналып алынды, егін өнімділігі гектарына 11,4 центнерді құрайды. Шаруа қожалығында барлығы 48 адам жұмыс істейді. Негізінен бұл жергілікті тұрғындар», — дейді Марат Молдашев.

Астық жинау науқанының мерзімінде аяқталуына жұмысшы қолының жеткіліксіздігі, техниканың сай болуы септігін тигізген. Шаруа қожалығының бір МТМ, бір мұнай базасы, 20 тракторы мен 14 комбайны, 7 жүк көлігі бар екен. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған 5 қойма бар. Қазіргі уақытта бұл шаруашылықтағы күзгі жинау жұмыстары өз мәресіне жеткен, енді серіктестік еңбеккерлері өнімді келтіріп, сақтау жұмыстарына кіріскен.



## 4 ҚАЗАН – ҰСТАЗДАР КҮНІ

# Мұғалім мәртебесі биіктей береді

> [11]

Десек те, өмір бір орында тұрмайды. Сүрінумен талай күресті кешкен адамзат бұл сыннан да өтіп, өз арнасына қайта оралары белгілі. Сондықтан уақытша кедергілерді артта қалдырып, осы күрделі кезеңді өткереріне әрбір отбасы сенеді. Өйткені, сапалы білім — тек қашықта отырып оқу емес, білім әдеттегі сабаққа қатысып, мұғалімдермен, сыныптастармен тікелей араласумен ғана толыққанды бола алады. Осы күрмеулі кезеңді оқушымен бірдей кешіп, қиындық тірек болған мұғалімдердің еңбегі ересен. Қалыптасқан жағдайға қарамастан, ұстаз шөкіртіне үздіксіз үйретуін тоқтатпады, тәуліктің кез келген сәтінде байланыстан табылып, жөн сілтеп, оқу-тәрбие барысын түсіндіріп, білім нәрмен сусындайтып отырды.

Қай кезеңде болмасын, ұстаз — білім-ғылымға жетелейтін маман ғана емес, өскелең ұрпақты рухани құндылықтарға баулитын, маңызды азаматтық миссияны атқаратын кәсіпті тұлға болып қала береді. Осының терең түсінетін Президентіміз мұғалімнің қоғамдағы рөлін, ұрпақ тәрбиесіндегі ерен еңбегін ерекше атап келеді. 2019 жылы 27 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Педагог мәртебесі туралы» заңға қол қойды. Түнгыш Президент — Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен әзірленген заң мақсаты — педагогтердің мәртебесін арттыру, жүктемесін азайту, оларды жоқсыздық тексерулерден және өздеріне тән емес функциялардан қорғау, ынталандыру бойынша өзге де мәселелерді заңнамалық деңгейде шешу. Сонымен қатар заңда педагогтердің құқықтары мен міндеттері қарастырылып, педагогикалық қызметке рұқсат беру талаптары белгіленген. 21 баптан тұратын заң еліміздегі 500 мыңнан астам педагогтің мүдделерін қорғауды көздейді. Оның нормалары мектепке дейінгі, орта, кәсіптік және техникалық білім беру, қосымша білім беру, мамандандырылған, арнайы білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің педагогтеріне қатысты талаптарды қамтиды. Пе-

дагог қызметіне қойылатын талаптарды күшейту қарастырылып, педагог этикасы мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген, әрбір білім беру мекемесінде Өлең жөніндегі кеңес қызметі енгізілуде.

Ел дамуының негізгі бағыттары айқындалған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа арнаған Жолдауында Президент білім-ғылым мәселелеріне ерекше назар аударды. Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы қантардан бастап мұғалімдердің еңбекақысын 25 пайызға көбейту жөнінде шешім қабылдағанын мәлімдеді. Жалақы мөлшері алдағы уақытта да артып, бұл мақсатқа алдағы үш жылда қосымша 1,2 триллион теңге бөлінеді.

Сөйкесінше, Үкімет білім беру жүйесін жетілдіру, жаңа оқу бағдарламаларын енгізу, балаларды мектепке дейін даярлау, электронды оқу жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстарды жандандыруда. Президент тапсырмасы бойынша Білім және ғылым министрлігі үздіксіз білім беру тұжырымдамасын қалыптастыру, қашықтан оқыту платформасы және 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиесімен және оқуымен 100% қамтуға қол жеткізу бойынша жұмыс жүргізуге кірісті. Сала басшысы Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, бұл ретте қолданыстағы жүйеленді айырмашылығы, мемлекеттік тапсырмасы енді білім бөлімдері немесе басқармалары бөлмей, оның орнына балабақшаға жоллама алған балалардың ата-аналары мектепке дейінгі ұйымды өздері таңдайды. Өрине, осындай бәсекелестік есебінен қорықпайтын қызметтердің сапасы да өсуі тиіс.

Бүгінде елімізде қашықтан оқыту аясында 8 онлайн-платформа жұмыс істейді. Алайда, олардың барлығы функционалдық емес мүмкіндіктері бойынша ерекшеленді. Оқу процесін толыққанды іске асыру үшін БҒМ білім беруінде онлайн-платформаларына бірыңғай талаптар әзірлейді. Мұнымен қатар ДСМ-мен бірге барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, дәстүрлі оқыту форматына көшу тәртібі әзірленді.

Қазірде мұғалімдердің жалақысын 2021 жылғы 1 қантардан



бастап 25%-ға арттыру үшін Білім және ғылым министрлігі тиісті есептеулерді дайындап, ол 2023 жылға дейін қаржыландыру аясында Қаржы министрлігіне енгізілді. Президент бұған дейін тапсырғанды, сынып жетекшілігі үшін қосымша ақы және дәлелдерді тексергені үшін қосымша ақы екі есе өседі, ал мұғалімнің магистрілік дәрежесі үшін 27 мың теңге мөлшерінде ай сайынғы қосымша ақы төленеді.

Ауыл және қала мектептері арасында білім беру сапасын тенеңдіру мақсатында жүйелі шаралар қабылданды. Шағын жинақты мектептердің педагогтарына еңбекақы төлеу жүйесін өзгерту ұсынылды. «Мобильді мұғалім», «уақытша отбасы» жобаларын іске асыру, мықты мектептердің әлсіздерге қамқорлығына ден қою, сондай-ақ интернетті салу жошпарланып отыр. Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері Президенттің ерекше назарында. Еліміздің хабарлама рәсіміне қатысты Бала құқықтары туралы Конвенцияның Факультативтік хаттамасына қосылуы өте маңызды қадам болады. Балаларды кибербуллингтен қорғау, қосымша білім беру ұйымдарын дамытумен бірге балалардың спорт секцияларын да ұйымдастыру жаппай ашу әкімдіктер мен білім беру ұйымдары қызметінің сөзсіз басшылықтарына айналды. Оқушыларды бұқаралық спорт түрлерімен қамтуды ұлғайту жөніндегі жұмыс жаңа және жүйелі негізде ұйымдастырылды. Мектептерде спорт залдары са-

лынып, ұлттық және бұқаралық спорт жүйелері дамиді. Мектептер мен жоғары оқу орындарында экологиялық тәрбие жұмыстары басталды. Білім алушылардың экологиялық мәдениет, экологиялық білім және тәрбие деңгейін арттыру үшін үздіксіз білім беруінде кешенді моделі енгізілетін болады. Мектеп бағдарламасына экология мәселелері енгізілді.

Бүгінгі таңда үздіксіз білім беру тұжырымдамасын дайындауға зор маңыз берілуде. Біліктіліктің берудің тәуелсіз жүйесі қайта қаралады. Сондай-ақ барлық деңгейдегі білім алушылардың кәсіпкерлік дағдыларын дамыту бойынша жұмыс жүргізіледі. Пәннің мазмұны еңбек нарығының талаптарын ескереді. Жоғары оқу орындары проблемасын толығымен шешу үшін «диплом бақы» шығаратын» жоғары оқу орындары жабылады. Талаптар күшейіп, жоғары оқу орындары жан-жақты тексерулерден өтуде.

Мемлекет басшысы елдегі ғылымның дамуына көп көңіл бөліп отыр. Бұл ретте ғылым және бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп, ғылыми-технологиялық дамудың жеке бағдарламалық құжаты дайындалады. Қазірде 500 ғалымның жетекші ғылыми орталықтарда ғылыми табылымдамадан өтуі үшін конкурстық рәсімдер жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар жас ғалымдарға қосымша 1000 грант бөлінеді. Білім және ғылым жүйесі осы тапсырмалардың барлығын жоғары деңгейде, уақытылы жүзеге асыру үшін үздіксіз жұмыс атқаруда.

ЭЛЕМДІК АҚПАРАТ

**Belt & Road News**

Dedicated News, Views & Analysis

Гуанчжоуда көрме табысты аяқталды

Қазақстан ЭКСПО «XXI ғасырдың Теніз Жібек жолы» аясында өткен халықаралық туризм және мәдениет көрмесіне қатысты, деп жазады [www.beltandroad.news](http://www.beltandroad.news) сайтында.

Еліміздің туристік әлеуеті, мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы ақпарат, сондай-ақ ауыл шаруашылық өнімдері ұсынылған Қазақстан павильоны үлкен қызығушылық туғызған.

Айта кету керек, бұл шара ҚХР құрылған күніне (1 қазан) сәйкес келген Қытайдағы Күз ортасы мейрамының алдында жүзеге асты. Аталмыш саяси мереке «алтын апта» деп аталған мини-демалық бастау жасады. Қытайдың сан мыңдаған азаматтары ел бойынша немесе шет елдерге турларға шығып, осы мүмкіндікті ұтымды пайдалануға асыды. Гуанчун — 115 млн-нан астам тұрғыны бар, халық аса көп қоныстанған оңтүстік-қытайлық провинция.



Еуроодақпен тауарайналымы нығая түскен

Еуропалық Одақ пен Қазақстан Республикасы арасындағы тауарайналымы 2020 жылдың қантар-шілдесінде 13,8 млрд доллар құраған. Тікелей шетелдік инвестициялар 2020 жылдың бірінші тоқсанында 1,72 млрд доллар құрапты. Бұл туралы «Қазақстан Республикасы — Еуропалық Одақ» Ынтымақтастық комитетінің видеоконференция режиміндегі мәжілісінде мәлім болған.

2020 жылдың 1 наурызында күшіне енген Кенейтілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы Келісім (КӘЫК) аясында Қазақстан мен Еуропалық Одаққа мүше-елдер арасындағы саяси диалог пен көпжақты сауда-экономикалық және инвестициялық қатынастарды нығайту мәселелері келіссөздердің басты тақырыптары болды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда еуропалық қарым-қатынасқа қатысы бар 4 мыңнан аса тіркелген және 2 мыңнан астам біркірен кәсіпорындар бар. Жалпы сомасы 641 млн доллар 17 жүзеге асқан, сондай-ақ жалпы сомасы 8,8 млрд доллар 37 жүзеге асқан және іске асырылу үстіндегі ЕУ елдерінің инвесторлары қатысуымен инвестициялық жобалар да жүзеге аспақ екен.



Рейтингте Алматы 44 орын төмен ығысқан

Британдық Z/Yen Group және Қытай даму институты (China Development Institute) талдаушы компаниялары Ғаламдық қаржы орталықтың индексі — Global Financial Centres Index (GFCI 28) — зерттеулерінің 28-ші шығарылымын жариялады.

Тараптар жоғары байытылған уранды барынша азайту, ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ядролық қаруды тараптар режимін нығайту жөніндегі ортақ мақсаттарды қолдау үшін бірлескен әрекеттерді жалғастыру ниетін қолдайды.

Әдетте бұл рейтинг бүкіл әлем бойынша 111 ірі қаржы орталықтарының Бәсекеге қабілеттілігі әлеуетін бағалайды және жылына екі рет — наурыз бен қыркүйекте жарияланады. Қазақстанның екі қаржы орталығында айтарлықтай өзгеріске ұшырағаны Алматының орналасуында. Оңтүстік астанамыз қыркүйектегі рейтингте 44 орналасымыа ығысып, 99-сыңғы орнын бір-ақ шығыпты.

Нұр-Сұлтан қаласы бұл ретте екі орынға ғана төмендеген де, 77-ші орыннан көрінген. Сонымен қатар ол өзінің аймақтық рейтингтегі (Шығыс Еуропа мен Орталық Азия) орналасымын жақсартып, 11-іншіден алтыншы орынға көтерілген.

Бақыр РАХМЕТҮЛЛИН



БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

АЛТЫН НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАС БАНКТИҢ РЕЗЕРВІНЕ ӘСЕРІ

Алтын бағасы соңғы екі айда бері алғаш рет бір той уния үшін 1900 доллардан төмен түсті.

Осы ретте Ұлттық банктің Монетарлық операциялар департаментінің директоры Нұржан Тұрсынханов алтын нарығындағы жағдай және оның бас банктің резервіне қалай әсер ететіні туралы айтты.

COVID-19 жаһандық пандемиясы және дамыған елдердің орталық банкілерінің жауап ретінде ынталандыратын монетарлық саясаты осы жылы алтын бағасының біршама раллине өкелді.

Соның күндері алтын бағасының құбылмалы бағалы металдардың резервтер құрамындағы ағымдағы үлесін ескере отырып, айдың қорытындысы бойынша Ұлттық банктің алтын-валюта резервтерін қайта бағалауға әсер етуі мүмкін.

▶ ДЕПОЗИТ

ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ҰИҒАДЫ

Тенге депозиті бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемесі бекітілді.

Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры 2020 жылды қазан айына тенгелік депозиттер бойынша ең жоғары ұсынылатын сыйақы мөлшерлемесін бекітті.

Депозиттердің көпшілігі бойынша мөлшерлемелер бұрынғы деңгейінде қалды.

Қордың баспасөз қызметі хабарлағандай, толықтыр құқығы жоқ, 24 айға арналған мерзімді және жинақ депозиттер бойынша ғана нарықтық мөлшерлемелер өзгеріске ұшырады.

Мемлекеттік бағалау қағаздардың табыстылық ауытқымасанын өзгеруі (мерзімдер арасындағы спредтің қысқаруы), сәйкесінше осы салымдар бойынша ұсынылған ең жоғары мөлшерлемелер айта қаралды.

▶ САЛЫМДАР

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАБЫС 871,9 МИЛЛИАРДТАН АСТЫ

БЖЗК салымшыларының шоттарына жыл басынан бері 871,9 млрд теңгеден аса таза инвестициялық табыс есептелді.

1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗК салымшыларының шоттарына 871,9 млрд теңгеден аса таза инвестициялық табыс есептелді, бұл өткен жылдың сәуіріне қарағанда 443,1 млрд теңгеге артық.

Зейнетақы активтерінің 8 айдағы табыстылығы 7,88% құрады, ал инфляция 4,6% болды. Жылдық (тамыз 2019 – тамыз 2020) табыстылық 10,1% көрсетсе, инфляция 7% құрады.

Елімізде жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілген 1998 жылдан бастап 2020 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі кезеңдегі табыстылық 83,2%-ға жетсе, инфляция 64,6% болды.

Рығайт САҒЫНБЕКОВА

▶ ҚАРЖЫ

Салымшылардың табысы азайып, сатып алу қабілеті төмендеді

Қазақстандықтардың табыстары азайып, сатып алу қабілеті төмендеген. Бұдан бұрын мұндай құлдырау тек дағдарысты 2016 жылы ғана байқалған еді, деп жазды Fiprom.kz өзінің сайтында үлкен қысқалықпен. Енді соның бүге-шігесіне зер салсақ.

ИСАТАЙ КАМБАРОВ

Осындай онсыз да сандарлы сәтте, анығырақ айтқанда: өмір деңгейінің құлдырауы және кіріс-табыстардың қысқаруы жағдайларында тұрғын үй мәселесі бұрынғыдан да өткірірек әлеуметтік маңызға ие бола түседі.

Халықтың жан басына шаққандағы жылдың мамыр айында бір адамға шаққанда – бір ай бұрынғы 110,2 мың теңгеге қарағанда және осыдан бір жыл бұрынғы 103,8 мың теңгеге қарағанда – 108,8 мың теңгені құраған.

Атап айтар болсақ, әлемдік дағдарыс пен COVID-19 індеті салдарынан ағымдағы жылы әдеттегіден тыс және күтілгендей қазақстандықтардың табыстары өзгеруінде жайсыз келбет қалыптасқан.

Мәселен, әдетте бірінші тоқсандағы (қаңтар-наурыз) стандартты күнтізбелік төмендеуден кейін сәуірде және одан кейін де табыстар деңгейі жылдың аяғына дейін тұрақты тоқсан сайынғы өсімді көрсетуі тиіс болатын.

Алайда, ағымдағы жылғы сәуір көрсеткіштері наурыздыңдан кем түседі де, ал мамырда кезекті төмендеу орын алған.

Салыстырар болсақ: бытырғы сәуірде 2019 жылғы наурызға қарағанда бірден 6,6%-ға өсім байқалған еді.

Бұдан бұрын, қазақстандықтардың әмияндарын айтарлықтай жұқартып, сатып алу қабілетінің осындай жайсыз құлдырауы тек 2016-жылы дағдарысты жылы байқалған болатын.

Айта кету керек, өмір деңгейінің құлдырауы және табыстардың қысқаруы жағдайларында тұрғын үй мәселесі бұрынғыдан да өткірірек әлеуметтік маңызға ие бола түскен.

Көптеме еліміздің президенті тұрғын үй алуын жана жеңілдеткен «5-10-20» бағдарламасын (операторы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі) енгізді және ТҰҚЖБ негізінде – тұрғын үй құрылысын есептеп, үйлерді есепке алу және бөлуді орталықтандырып жүзеге асыратын «Отбасы банкі» құруды тапсырды.


Бұдан басқа мемлекет басшысы 1 шілдеде бастамалық инініне жұмыс істейтін азаматтарға өздерінің зейнетақы қорланымдарын тұрғын үй алуға белгілі бөлігін пайдалана алу мүмкіндігі бойынша ұсыныстар жасауды тапсырды. Үкімет Президент

▶ БЖЗК: ЖАҢА КЕЗЕҢДЕГІ ІС-ҚИМЫЛ

Зейнетақы жинақтарының құрылымы қандай?

БЕКЕТ КӨКЕНАЙҒҮЛ

Халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары (мың тг)



Табыстардың нақты өсімі (өткен жылдың тиісті айына %-бен)



ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері негізінде

Табыстардың нақты өсімі (өткен жылдың тиісті айына %-бен)

Table with columns: Барлығы, Тоқсанда, Өсімі, Бір жылда, Күнкөріс минималы (наурыз), Күнкөріс минималына табысы. Rows include Kazakhstan and various regions like Akmola, Aktobe, Almaty, etc.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері негізінде

өкімшілігіне өз ұсыныстарын жолдап та үлгерді (инфографика).

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында халықтың жан басына шаққандағы атаулы табыстары республика бойынша 110,4 мың теңгені құрды.

Мысалы, халық тығыз қоныстанған Алматы, Жамбыл және Қызылорда облыстарында, сондай-ақ еліміздегі аса ірі мегаполис Шымкент-

те, табыстар 3 күнкөріс минимумына деже алмаған, ал Түркістан облысында – тіпті 2 КМ-ға да жетпейті.

Бұл ретте мына жаңыты да еске сала кеткен жер: орта есеппен алғандағы қазақстандықтардың өмір деңгейінің нақты жағдайы анық көрсететін халықтың медлендик табыстары өткен жылы 47 мың теңгеге жетер-жетпес сомамен құраған.

Екінші жағынан, табыстарының өсімі бойынша орта есеппен тек 3,6 күнкөріс минимумына (КМ) құраған, алайда көптеген аймақтарда мұның арақатынасы әлдеқайда төмен.

Мәселен, халық тығыз қоныстанған Алматы, Жамбыл және Қызылорда облыстарында, сондай-ақ еліміздегі аса ірі мегаполис Шымкент-

те, табыстар 3 күнкөріс минимумына деже алмаған, ал Түркістан облысында – тіпті 2 КМ-ға да жетпейті.

Бұл ретте мына жаңыты да еске сала кеткен жер: орта есеппен алғандағы қазақстандықтардың өмір деңгейінің нақты жағдайы анық көрсететін халықтың медлендик табыстары өткен жылы 47 мың теңгеге жетер-жетпес сомамен құраған.

Келесідегідей сомдағы зейнетақы жинақтарына:

қорланымдары жүйесі бойынша жеңілдетілген бағдарламалар – жеке тұрғын үй-жай ауқымдарының айқын иелері болуына жалғыз нақты мүмкіндік (табиша).

«5-10-20» – отбасының бір мүшесіне табыстары 3,1 КМ-нан аспайтын азаматтарға қолжетімді бағдарлама. Табыстары 2 КМ-нан төмен қазақстандықтар үшін Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің басқа бір жеңілдікті бағдарламасы – «Бақытты отбасы» (мұндағы қарыздың жылдық мөлшерлемесі ежелгіше төмен – бар-жоғы 2%).

Бұдан басқа Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің 1 шілдеден бастап жас отбасылары үшін жылдық мөлшерлемесі алғашқы 2 жылда 6%-дан жеңілдікті және одан кейінгі жылдары – 5% жеңілдікті мөлшерлемелері бойынша несиеге жеке пәтер алуға мүмкіндік беретін «Жас отбасы» жана тұрғын үй бағдарламасын енгізді.

РЕДАКЦИЯДАН: Салыстырмалы түрде айтар болсақ, коммерциялық ипотека бойынша ең төмені мөлшерлемелер ағымдағы жылғы маусымда 14%-дан (мемлекеттік тиімді сыйақы мөлшерлемесі (МТМ) – 15,2%-дан бастап), банктік сектор бойынша орташа мөлшерлемелері – 19,2% (МТМ – 20,4%-дан); одан да зоры, тіпті ежелгіше екінші деңгейлі банкілердің ең төмені ипотекалық мөлшерлемелері 35%-дан (МТМ – 36,9%-дан) бастаптан.



500 мың теңгеге дейін – 5 906 632 адам;

501 мың теңгеден 1 млн теңгеге дейін – 1 590 837 адам;

1 млн теңгеден 3 млн теңгеге дейін – 2 348 114 адам;

3 миллионнан 5 млн теңгеге дейін – 634 188 адам;

5 миллионнан 8 млн теңгеге дейін – 238 931 адам;

8 миллион теңгеден асатын сомаға – 151 900 адам е.

Бұл ретте ерлердің зейнетақы жинақтарының орташа сомасы 1 254 мың теңге, ал әйелдерде – 933 мың теңге.

Алайда бүкіл жинақтаушы зейнетақы жүйесі қолданыста болған кезеңінен бері зейнетақы тұрақты түрде ауырып отыратын адамдардың зейнетақы жинақтары бағалатын болсақ, онда 1998 жылдан бері зейнетақы жарналары ай сайын ауырып отыратын салымшылардың арасында ер азаматтардың жинақтарының орташа сомасы 5,8 млн теңге, ал әйелдерде – 4,4 млн теңге, делген БЖЗК баспасөз қызметінің хабарламасына.

**БИЗНЕС&ӨНДІРІС**

▶ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

**Конвейерінен бетон өнімдері «балапандаған» зауыт**

▶ 111

Бұл өзі – әлемге танымал, Еуропа, Солтүстік Америка, Азия елдерінде еншілес фирмалары бар бетондық индустрия жабықтары шығаратын немістің ірі машина жасау компаниясы. Сондықтан жергілікті зауыттың өнімдері еуропалық технологиямен, неміс сапасымен жасалған деп нық сеніммен айтуға болады. Күлді елімізде мұндай технология бес-ақ зауыт бары көп нәрсені аңартқандай.

– Зауыттың өзі ерекше, оның өнімдері сапалы. Өндіріс орны жылдан төрт маусымда да тынбастан жұмыс істей алады. Күніне 500 шаршы метр шамасында өрнектас (брусчатка), 2 шақырым поребрик-жиктас, 1,5-2 шақырым жиктас өндіріледі. Өрнектаспен үш түрлі түсі бар. Одан басқа жұл және арналған тас плиталардың және көпір құрылысына қажетті блоктар, барлығы 7 түрлі өнім тұтынушыларға ұсынылады. Сұраныс болса, зауыттың құаттылығына сөз жок. Біз өз өнімдерімізге күм емес, қиыршықтас қосамыз. Ол бетон өнімдерінің сапасын арттырады, төзімділігін нығайтады. Жалпы бетон өнімдерінің «өмір сүру» жасы үш жыл болса, неміс технологиялы оралдық кәсіпорынның өнімдерінің пайдалану мерзімі 25 жыл кепілдік беріледі. Асфальтка



қарағанда тактатас төсеу арзанға шығады әрі күнге қызбайды, сол себепті пайдалану мерзімі ұзақ, – делі зауыт директоры Сержан Биханов.

Директордың айтуынша, немістің технологиясымен жасалған жиктас өрте технологиялы өнімдермен салыстырғанда сапалы. Сондықтан аталмыш кәсіпорынның өнімін пайдалану бюджет қаржысын үнемдеуге көмектеседі. Сонымен қатар шаһардың шағын көшелеріне осы зауытта өндірілген жол плиталарын төсеудің артықшылығы айқын.

Өйткені әдетте төселетін асфальтты қабатын салыстырғанда, мұндай сапалы плиталар ұзақ мерзімге мұрты бұзымай, сапалы күйінде сақталады. Шаһардағы Абай, Жеңіс алаңдарына, Запқан кентіндегі саябаққа, облыстық мәслихат ғимараты адына зауыттың өрнектас төселген. Орал – Саратов күре жолы бойына жергілікті зауыттың конвейерінен шыққан жиктас қатылған. Сонымен қатар «Hess-Orals» ЖШС-ның бетон өнімдерін тұрақты тұтынушылар іргелес Ақтөбе, Атырау және Қостанай облыстарында баршылық.

Құрылыс материалдарының сапасына мән беретін жеке тұлғалар да материал алу үшін ат басын арнайы зауытқа бұрады. Тапсырыстардың толастамауынан коронавирус пандемиясына байланысты жарияланған карантиндік режим жағдайында өндіріс орнының жұмысы мүлдем тоқтамады. Дегенмен Ираннан келетін шикізаттың бірі – ақ түсті цементті тасымалдауға тыйым салынғаны түрлі-түсті өрнектас шығаруға өз әсерін тигізгені анық. Өнім өндіруде негізінен отандық материал қолданылады.

Өндіріс ошағы толықтай аутоматтандырылған, барлық жұмыс үдерісі компьютермен басқарылады. Өндіріс цехындағылар екі ауысыммен жұмыс істейді. Бір ауысымда 8 алам болады. Кәсіпорын 24 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Конвейерінен дымқыл бетон өнімдері «балапандап» жатқан машинаға екі оператор басшылық етеді, өзгесі өнімнің сапасын қарапайы және лайын өнімді әрі қарай келтіруге әкеледі. Дымқыл блоктар инфрақұрылым суауының көмегімен арнайы жабықталған бөлек орында келтіріледі.

– Жұмысымыз ырғақты. Жұмысшылар жасалған жұмыс ауқымына сәй жақалы алады. Жаман емес, – делі Сержан Биханов.

Орал қаласы

▶ БЕРЕКЕ: АГРОКЕШЕН

**Жер-ана төсінен ырызық тапқан «Клад»**

Орал қаласына қарасты Серебряково ауылындағы «Клад» шаруа қожалығы жырға жылы жуық уақыттан бері көкөніс өсірумен айналысады. Отбасылық бизнестің басшысы Марина Кладчикова шаруашылықты атауы өздерінің тегімен аталғанын айтады.

ГУЛБАРШЫН ӨЖІГЕРЕЕВА

«Поликарбанатты және пленкалы жеті жылыжайда қияр, қызанақ, тәтті бұрыш, кәді өсіреміз. Қандай көкөніске сұраныс бар, соны өсіруге ұмтыламыз. Биыл жылыжай жағдайында наурыз айының ортасында қияр, маусымда айында қызанақ пісті. Желтоқсан айында жылдың соңы өнімін, қиярды жинаймыз. Жылжайлар аумағы 1100 шаршы метрді құрайды», – делі Марина Кладчикова.

Қазіргі уақытта қожалықта 9 шетел жұмысшысы, 3 жергілікті тұрғын және отбасындағы 3 адам жұмыс істейді. Өзбекстанан келген жұмысшылардың айлық жалмақысы уақытталы аударылып тұрады. Олар тұрғылықты жері бойынша тіркеуден өткен және заңды түрде жұмыс істеуге барлық жағдай жасалған.

Шаруа қожалығының жетекшісі коронавирустің байланысты өнім өткізуде ең-пәл кедергілерін айтты. Оралда бағарлар жабық болғанымен, шағын сауда орындарына өнімдерін апарып, өткізуде. Іргедегі Орал – Атырау күре жолы арқылы әрлі-берлі ағылған көліктер жол жиегіндегі «Кладтың» кешеніне соқпай кетпейді. Атырау, Ақтөбе қалаларынан серебриковтық экологиялық таза әрі табиғи дәуремді өнімдерді арнайы ат басын бұрып алып кетушілер аз емес. Оралдықтар да тапсырыс беріп, алдыртты отырады. Қазіргі уақытта мұнда қызды қызанақтың келісі 280 тенге, қызғат қызанақ – 320 тенге, тәтті бұрыш – 900 тенге, қияр – 150 тенге, алма – 200 тенге. Қияр бағасы күн сайын құбылып тұрады. Қазір қиярды қызыл тұлдан, дайындау жұмыстары басталуына орай баға өсе түспек.

Шаруашылыққа қарасты жер учаскесі 13,8 гектарды құрайды. Биыл бақшалық

жерге қырыққабат, қызылша, сәбіз егілді. Өткен жылы 10,2 га алқаптың әр гектарынан 72,6 центнерден орташа өнімділікпен 76,2 тонна көкөніс жиналған. Былтыр жылыжайдан 127 тоннаға жуық өнім алынды. «Клад» шаруа қожалығы жылдан-жылға бақша алқабын ұлғайтып келеді. Бүгінде оның жалпы ауданы 11418,4 шаршы метрді құрап отыр. Осыдан бес жыл бұрын балтамен отынға бұтарланған бұрынғы серебриковтық бақтың орнына алма бақ салды. 14 жүк көлігі толы қокыс шығарып, Орынбор облысындағы питомниктен 800 түп алма ағашының көшетін әкеліп, отырғызды. Бүгінде «кладтықтар» 2,1 гектар аумақтағы алма бақтан тұрғындарды өз өнімдерімен



**Татьяна СУМКИНА, Круглоозерное кенті әкімінің орынбасары:**

– Орал қаласының Круглоозерное ауылына қарасты аумақта 24 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Олардың көпшілігі көкөніс, егін өсірумен айналысады. Сондықтан тұрғындар жылдың төрт маусымында көкөністен, жемістен, бақша бағыдарынан тамашалық көрмейді. Шаруашылықтар жергілікті салықты, сырттан келушілерді жұмыспен қамтиды. Қазіргі уақытта 300-дің шамасында сырттан келушілер, 40 жергілікті тұрғын осы шаруашылықтарда еңбек етіп, нақарақшы тауап жұр. Бес шаруа қожалығы жылыжай шаруашылығымен айналысады. Шаруашылықтар түрлі мемлекеттік бағарламаларды ізгілігін көреді. Арзандатылған жанар-жағармаймен, тыйнақшымтармен қамтылады. Бүгінде әлемдік жайлаған коронавирустің жағдайында қайырымдылық шараларына белсене қатысып, мұқтаж және қобаламалы отбасыларға, зейнеткерлерге қолдау көрсетіп, азаматтық ұстанымдарын көрсетіп жүрген біздің круглоозерныйлық кәсіпкерлерге алғыс айтамыз.

**Алтыбек НУРСУЛТАНОВ, Орал қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі:**

– Орал қаласы бойынша 10 шақты шаруашылық көкөніс, бақша бағыдарын өсірумен шұғылданады. Олар өз өнімдерімен тек Орал шаһарын ғана емес, аудан-ауылдарды, іргелес облыстарды да қамтиды. Өткен жылы шаруаларға зиянкестермен күрес шараларына қажетті қаржы бөлінді. Сонымен қатар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы арқылы бақшаларда зиянкестерге қарсы өңдеуді өткізуге мемлекеттік қолдау көрсетілді. Биыл жұмыспен қамту орталықтарының көмегімен 50 шақты адам жылыжайларға жұмысқа орналасты. Көкөніс өсірушілер ауыл шаруашылығы жәрмеңкелеріне тұрақты қатысады, өз өнімдерін өздері өткізеді.

камтып отыр. Бақта алмамен қатар аз да болса жүзім, алмұрт өсіріледі. «Бақша өнімдерін келесі жылдың көктеміне дейін

сақтау үшін екі көкөніс сақтайтын қойма салып алыдық. Осының арқасында қырыққабақты, сәбізді, қызылшаны оралдықтарға қыстай

қолжетімді бағаға ұсынамыз. Ауыл шаруашылығы тауарларының кенейтілген жәрмеңкесіне белсене қатысып келеміз. Климатты күрт құбылмалы біздің өңірде көкөністі тұрақты өсіре алмайсыз. Сондықтан егістік алқабымыз тамшылата суару әдісімен суарылады. Сондықтан өнімді мол аламыз. Біздің өнімдеріміз экологиялық жағынан таза. Тұтынушыларымыз даладағы алқапқа келіп, қажет өнімді сапты алып жатады. Қазіргі карантин жағдайында оралдықтар қысқа дайындалып, банка жабу үшін қызанақ пен қиярға ұялы телефон арқылы тапсырыс береді. Енебіміздің жұрттың қажетіне қарағаны қуантатын. Сондықтан бар тапқан-қапқанымызды техника алуға, сапалы тұқым алуға жұмсаймыз», – делі Марина Юрьевна.

